

Э. Ғ. Шуматов, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, философия ғылымдарының кандидаты;

М. М. Шуматова, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің магистранты

АСАН ҚАЙҒЫНЫҢ РУХАНИ ІЗДЕНИСТЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЫҚПАЛЫ

Аннотация. Мақалада қазақ ұлттық бірегейлігінің қалыптасуына Асан Қайғының рухани ізденістерінің әсері талданады.

Түйін сөздер: жер-ұйық, тәуелсіздік, ұлттық сана, мемлекет, ұлттық бірегейлік, азаматтық бірегейлік, ұлт.

Ұлттық бірегейлену үдерісінің қазақ халқының тәуелсіздігінің баяндылығы үшін өзектілігі және жаһандану жылымына жұтылмай өркениет көшіне өзіндік бет-бейнесімен ілесуі үшін маңыздылығы сөзсіз. Сондықтан қазақ этносының бірегейленуінің рухани мұраларды көрініс табуын зерттеудің, ұлттың, оның өкілдерінің өзін-өзі тануға ұмтылысын бағамдаудың мәні зор.

«Бірегейлену», «бірегейлік», «идендичность» ұғымдарының өзі сол қоғам мүшесінің, жеке тұлғаның өзін-өзі қандай да бір әлеуметтік, діни, саяси, этникалық қауымдастықтың мүшесі ретінде сезінуімен анықталады. Бірегейлену үдерісі жеке тұлғаның өзін әлеуметтік және этникалық топтың мүшесі ретінде сезіне отырып, сол топтың ықпалымен әлеуметтік қызметтің алуан қырын, этникалық құндылықтар мен қоғамдық нормаларды тиімді меңгеруіне мүмкіндік береді.

Тәуелсіздікке жеткен халық, ұлт өз мемлекеттігінің іргетасын құрудан бастап, өзін жаңа сапа биігіне көтере бастамақ. Мемлекеттікке ие халықтың тәуелсіздік туралы философиясы, мемлекет философиясымен табиғи түрде бірігіп кетуі түсінікті әрі қалыпты жағдай. Біз қазір осы саяси жағдайда өмір сүріп жатырмыз.

Тәуелсіздікке, оның саяси жеңісі мемлекеттікке әр халық, әр қилы тарихи жағдайларда келмек. Тарихи белгілі жағдай, қазақтың қазақ болып, яғни халық, этнос болып қалыптасуы (консолидациясы) Қазақ Хандығының құрылуына тікелей қатысты болған. Керей мен Жәнібек сұлтандар құрған тұңғыш қазақ мемлекеті «Қазақ Ордасы» деп аталды. Тарихқа жаңа мемлекетпен бірге жаңа ұлт — қазақ ұлты енді. Жаңалық қашанда болмасын жаңа ілімді қажет етеді. Сондай ілім Асан-Қайғының «Жер ұйығы» болды. Бес ғасыр өткен соң, өткенге баға беру жеңіл. Асан Сәбитұлы заманында Әбіл-Хайыр Ордасында жік шықты, оны қазіргі тілге салсақ сепаратизм деуге де болады, яғни «бүлікшіл» сұлтандар Керей мен Жәнібек бұрын болмаған «Қазақ хандығын» құруға кірісті, ел жарылды, сонда ғұлама Асанның әрекеті қандай болмақ?

Оқиғалар тым қауырт өте бастады. Асан Сәбитұлының бір жаққа шығуы керек болды. Хандар ісі бір бөлек, данышпан ісі бір бөлек болса не болмақ, кім ұтпақ, кім ұтылмақ? Осы сұрақтарға жауап іздеп, оны табу ісінде Асан Сәбитұлы, ендігі жерде халық санасына Асан Қайғы болып енді.

Сондағы Асан қайғысының мәнісі не? Оны қайғыға салған жер мәселесі, жаңа мемлекетке жаңа жер керек және де ол тек әншейін жер емес ұлт, халық топтасып, құт-береке болатын «Жер-ұйық» болуы керек. Асан Қайғының «Жер-Ұйық» ілімі Керей мен Жәнібек сұлтандардың құрған мемлекетінің философиясы. Сол себепті қазақ халқының тұңғыш әрі төл хакімі сөзсіз — Асан-Қайғы.

Осы заманда тәуелсіздік проблемаға айнала бастады. Орда — мемлекеттік басқару формасы ретінде өз қуатын әлсіретті. Региондық хандар пайда бола бастады. Мұны бәрі 1731 жыл оқиғасына, яғни қазақтардың Россияның қол астына өту процесіне әкелді. Тек XVIII ғ. екінші жартысындағы Абылай хан саясаты ғана ордалық билікті қалпына келтіруге арналды, бірақ тарихи уақыт заман кеңістігінен өтіп кеткен еді. Ордалық билік қайтып орныға алмады, Абылай хан азып-тозып, шашырап кеткен халықты жинап алып, ақтық рет басын біріктірді. «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұламадан» қалған ел, соңғы рет ортақ қазақ хандығының (1771 ж.) туын көтерген. Ғарифолла Есімнің айтуы бойынша, Абылай хан Ренессанстық тұлға болатын¹. Ол қазақ халқына қолынан кетіп бара жатқан мемлекеттігін қайтарды, сөйтіп Асан Қайғының «Жер-ұйығын» келер ұрпақтарға сақтап қалды. Алайда Россия мен Қытай империясының геополитикалық саясаты арасындағы қақтығыста қазақ хандығының, яғни мемлекетінің тағдыры шешіле бастады, бұл істегі соңғы харакет Кенесары Қасымовтың саясаты болды. Оның тарихи мәнісі Жер-Ұйық үшін соңғы саяси күрес болатын.

Қазақстанның нағыз «Жер-ұйық» екені ешкімге де күдік туғызбас. Қойын-қойнышы кеңге толы байтақ өлке атадан балаға ауысып келе жатқан атамекен. Біздің жер мәселесінде ешкімге сұрағымыз жоқ, бізге де ешкімнің сұрағы болуы мүмкін емес. Тәуелсіздіктің бірінші қағидасы жерге иелік. Туған атамекен жер-ұйықта қазақстандықтар мейлінше кемелденуіне толық мүмкіндік бар. Мәселе, тек «технологиялық мәдениетте», шикізаттың молдығы бір жағынан жақсы болса, екінші жағынан бөгет болып тұрғанын мойындамасқа амал жоқ. Өркениетке бастайтын жолда «технологиялық мәдениет» тұр, одан өтпеген халық өркениеттік, әсіресе техногендік өркениеттің өгей баласы сияқты болмақ. «Технологиялық мәдениетсіз» ғылым мен техника кең өріс алмақ емес, натуралдық қалпымыз көп өзгеріске түспейді. Дәстүріміз сақталды деп ырза болғанымызбен, өзге алдыңғы қатарлы ұлттардың бізден алыстап бара жатқанын қалайша білмеген-көрмегенсіп отыра бермекпіз. Бұл проблеманың бір жағы болса, оның екінші жағында ұлт болып сақталуға қауіп төніп тұрғанын да ескерген жөн болмақ. Қазақтардың қазіргі заманда қазақ-еместерге айналып бара жатқаны да шындық. Тегінде осындай қауырт этникалық процестер метамарфозасына түскен кезде бір сұрақты анықтап алу керек сияқты, ол осы «қазақ» деген кім, «қазақылық» дегеннің өзі не?

Бұл сұраққа академик Ғ. Есімнің пікірін айта кетейік, Асан Қайғы жырлаған Жер-ұйыққа ие болу, яғни саяси билік (мемлекеттілік) қазақылықтың бірінші талабы. Одан арғы мәселелердің бәрі даулы. Ана тілін білу де қазақтық болмыс тұрғысынан даулы, олай дейтініміз тіл туралы жаны ашыды-ау дейтін азаматтардың бір парасы өз балаларымен орысша сөйлесіп, ана тілінің қажеттілігін тіптен керек етпейді, осы жайға қарап, оларды қазақ емес деуге қалай болады, сірә олай шалақ қорытындыға келе қоюға болмас. Ауру кейде әдетке айналып кетеді демеуші ме еді халқымыз. Қазіргі орысшамыз сол әдетке айналған дерттің бірі. Сондықтан да мен тәуелсіздіктің де қазақылығымыздың да басты қағидасы Жер-ұйық — Қазақстанға деген иелік сезіміміз болса керек деген ойға айналып келе бергенді ұнатамын. Бұл өз тарихын, өз табиғи-болмысынды қадірлеу болмақ. Бұл сезімнен айрылғанда ұшарын жел, қонарын сай білетін қаңбаққа айналмақпыз. Қаңбақтың философиясы қайда ас болса — сонда, қай жерде күйлі тұрмыс болса — сонда, қай жерде көңілге сая болса сонда болу. Осы дүниетаным құрсауына түскен талай қазақтар қаңбақ болып Жер-ұйықты Қазақстаннан тыс жерден іздеп кете берер, ондайлар әр заманда болған, әлі де бола бермек, оларға Тәуелсіздік елден кетуге мүмкіндік болып, жол ашып берді.

Біз болсақ, яғни елде қалғандар әлі басымыздан талай қиыншылықтарды өткермекпіз, себебі Тәуелсіздік саяси тәуелсіздік, экономикалық тәуелсіздік болып бөлініп кетеді. Соңғысы алғашқысының негізі болмақ. Экономикалық дербестік болмаса, саяси билік толық болмақ емес.

Қазіргі экономикалық ахуал халқымыздың басым көпшілігіне күйзеліс әкеліп отыр, оның себептері туралы басылым беттерінде үздіксіз айтылуда, экономикалық дағдарыс туралы емес, тәуелсіздікті тұрмыс қиыншылығы арқылы түсіндірудің қауіптілігі. Тұрмыс қиыншылығы тез арада түзеліп кететін шара емес, оған біршама уақыт қажет. Тұрмыс қиыншылығының өз тарихы бар. Табиғи түрде

өмір сүріп жатқан адамдарға қолдан жасалған «мәдени социалистік» тұрмысты зорлап енгізуден басталған. Ендігі жерде халық сол баяғы табиғи тұрмысына қайтып келе алмай қиыншылыққа түсуде. «Социалистік жалған» тұрмыс адамдардың әдет-дәстүріне айналып, санасын құрсауға салып, өз бетімен өмір сүру қабілетінен айырған. Адамдар «өз тағдырың өз қолыңда» деген прагматистік философияны меңгеріп кете алмай қиналуда, бұл тұрмыстағы емес, адамдардың санасындағы қиналыс. Сананың болмыстан озатыны да бар, көбінесе одан қалып қоятыны да бар. Сананың осы соңғы сипаты жаңа тұрмысқа өтудегі қиыншылықтың бірі болып отыр².

Қазақ ұлттық бірегейлігін қазақ халқының өзіндік сананың, рухани дүниесінің сыртқы көрінісі ретінде қарастыра отырып, қазақтың ұлттық бірегейлігіне сипаттама бергенде біздің мақсатымыз басқа халықтарда жоқ қасиеттер, өз ұлтымызда бар деп айтудан аулақпыз. Ұлттық қасиеттер барлық халықтарда кездеседі, тек мәселе ол қандай деңгейде көрсетілген. Мысал ретінде өмір сүруге қабілеттілікті алсақ, ол барлық ұлттарға тән қасиет, тек кейбір объективті себептерге — халықтың маңдайына түскен қиын тарихи сынақтарға байланысты — ол біздің ұлттық менталитетімізде, бірегейлілігімізде интенсивті деңгейде кездеседі. Ұлт бірегейлігін зерттеген ойшылдардың атап кеткен ұлттық қасиеттер, әлеуметтік нақты өмірде көрініс тауып отыр, бұл жерден біздің көретініміз саналылықтан санасыздықтың басым тұрғаны; адамгершілік және рухани элементтердің мәнінің жоғарылығы.

Резюме

В статье анализируется влияние духовных исканий Асана Кайгы на формирование национальной идентичности.

Resume

In the given article is analyzed the influence of spiritual searches of Assan Kaigy on the formation of national identity.

¹ Есім Ғ. Қазақ философиясының тарихы. — Алматы, 2004. — 46-б.

² Бурбаев Т. Қ. Қазақ менталитетінің даму ерекшеліктері. — Астана, 2005. — 287-б.